



**Автор:** Имандосова Самал Амангосовна  
**Пән:** Өзін-өзі тану  
**Сынып:** 3- сынып  
**Бөлім:** Әсемдік әлемінде!  
**Тақырып:** Өзіңмен үйлесімдікте

Мақсаты:	Оқушыларға өзімен, айнала қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүрудің мәнін түсіндіре отырып, ішкі тыныштық құндылығының мәнін ашу.
Міндеттері	- Оқушыларға адамның ойы, сөзі, ісінің жақсылыққа бағытталуының үйлесімділікте өмір сүру негізі екенін ұғындыру. - Оқушыларды өзіне және өзгелерге жақсылық жасауға баули отырып, үйлесімділікте өмір сүруге үйрету - Оқушыларды сабырлыққа, қарапайымдылыққа, ризашылыққа тәрбиелу.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
1. Ұйымдастыру кезеңі:	Сұрақтар: 1. Мәтіндегі «сезіміңе ерік бере берме» деген ойдан нені аңғардыңыздар? 2. Бауыржан Момышұлы нені тәртіптілік, адамгершілік, жақсылыққа жатқызады? 3. Бауыржан Момышұлы жаман мінез-құлықтың көрініс беруінің түп себебін қайдан іздейді? 4. Сезімді қалай басқаруға болады деп ойлайсыңдар? 5. Ақыл мен сезімді қатар ұстау арқылы қалай үйлесімділікке жетуге болады? 6. Үйлесімділікте өмір сүретін адам, қандай жетістіктерге жете алады?	(материалдардереккөздер) 1.http://oilar.kz
2. Үйге тапсырманы тексеру.	№7-сабақ, 31-бет, Ақыл мен сезім оқып келу.	(материалдардереккөздер) 1.http://oilar.kz
3. Сабақтың дәйексөзі.	Жүрегіңнің түбіне терең бойла Абай 2-рет қыздар, 2-рет ұлдар, барлығы қосылып 1-рет қайталап айтады. Дәптерлеріне жазып алады. • Дәйексөзден қандай ой түйдіңіз?	(материалдардереккөздер) 1.http://oilar.kz

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
4.Әңгімелеу «Өмір сүрудің ең жақсы жолы»	<p>Шағын ғана бір ауылда орта жастағы бір кісі дүкен ашып сауда жасамақ болады. Сөйтіп алға қойған жоспарын бастап та жібереді. Ол ақкөңіл, жайдарлы болғандықтан, ауылдың адамдарының бәрі оны жақсы көретін. Бір күні ауыр науқастанып, бұл дүниеден өтерін сезген адам, артында қалған үш ұлын қасына шақырып: -Үшеуіңнің біреуі барлық дүкендерімнің иесі болады. Мирасымды соған қалдырамын. Менің дүние-мүлкіме қайсысың лайықты екенін білу үшін үшеуің де бір-бір доллардан беремін. Осы долларға бір нәрселер алыңдар. Кешкісін келгенде алған нәрселерің менің осы бөлмеді толығымен толтыруы керек. Шартым осы. Ұлдары үлкен компанияны басқару мүмкіндігінен айрылып қалмауды ойлап, не істерлерін білмей қатты абыржыды. Қалаға барып үшеуіде долларларын жаратты. Кешкісін әкелерінің қасына келгенде үлкен баласы: -Досымның шаруашылығына барып, екі қап сабан сатып алдым,-деді де, қаптарды ашып, сабанды әр тарапқа шаша бастады. Алайда көп ұзамай сабандар еденге түсіп, бөлмені толтыра алмады. Ал екінші баласы: -Дүкенге барып екі жастық алдым,-деді де жастықтарды сөгіп, ішіндегі жүнін бөлменің ішіне шашып тастады. Бірақ жүн де жерге түсіп, бөлмені толтыра алмады. Ал үшінші ұлы: -Долларды ұсақтап, 50 центін мешітке бердім, 20 центін қайырымдылық қорға бердім, 20 центін садақа ретінде тараттым. Қалған 10 центке екі нәрсе алдым, қалтасынан сіріңке мен шырақты алды. Бөлменің жарығын сөндіріп, шырақты жақты. Сабан мен жүнге толмаған бөлме аз уақыттың ішінде шырақтың нұрына бөленді. Әкесі баласына риза болып: -Мирасымды саған қалдырамын, өйткені өмір сүрудің ең жақсы жолы-айналаңа жарық тарату екенін білдің. • Шағын ауылдағы кісінің тұрмысы? • Әкесінің ұлдарына айтқан өсиеті қандай? • Қай баласының ісі әке көңілінен шықты? □ Ішкі жан дүниемізде тыныштық орнау үшін әрекетіміз қандай болу керек? □ Істі сабырлылықпен атқарсаң қандай нәтиже береді? □ Ішкі жан дүниемізге қаншалықты көңіл бөлесің?</p>	(материалдардереккөздер) 1.http://oilar.kz
4. Шығармашылық жұмыс, топпен жұмыс	3 – топқа әртүрлі суреттері бар қағаздармен бөлінеді. Мәтінді оқып, ойды сөзді, істі үйлесімге келтіріп, жақсылыққа бағыттаудың жолын жасап, алдымыздағы қағазға түсіреміз.	(материалдардереккөздер) 1.http://oilar.kz
6. Топпен ән айту. Ізгілік әлемінде Сөзін, әнін жазған: К.У.Каирова	<p>Рухы таза көңілім, Махаббаттан жаралған... Жарқын, бейбіт өмірім, Ізгіліктен нәр алған. Бауырмалдық сезімім, Қамқорлықтан нәр алған. Сәби бала сәттерім, Мейірімнен жаралған. 2 рет. Өшпес нұрдың сәулесі, Жойылмасын бойымнан. Тануменен өзімді, Мақсаттарым қойылған. Мейірімді жүрегім Арманыма жетсе екен Туған жердің алдында Парызымды өтсе екен. 2 рет Рухы таза көңілім, Махаббаттан жаралған... Жарқын, бейбіт өмірім, Ізгіліктен нәр алған Бауырмалдық сезімім, Қамқорлықтан нәр алған. Сәби бала сәттерім, Мейірімнен жаралған. 2 рет.</p>	(материалдардереккөздер) 1.http://oilar.kz
7. Үй тапсырмасы.	№8-сабақ, 34-бет, «Құз басындағы аңшының зары»	
8. Сабақтың қорытынды сәті.	Бүгінгі сабақтан игерген жақсы қасиеттерді есімізге түсіріп, жүрегімізге сақтайық.	